

МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА ЭТНОПЕДАГОГИКА ҚҰРАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Ансбаева А.Д., , Омарқали Б.Б., , Жолтаева Г.Н. 

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан, Талдықорған қ.
e-mail: aynuransabayeva@gmail.com

Қоғамның қазіргі даму кезеңінде болып жатқан саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік және т.б. өзгерістерден, жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беру ісін жаңа сатыға көтеру қажеттігі туындап, бастауыш сыныптарда білім беруде этнопедагогика құралдарын мүмкіндігінше пайдалану, оның әдіс-тәсілдерін қарастыру өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Осы тұрғыдан ғылыми-педагогикалық еңбектерді оқып зерделеу қазақ этнопедагогикасында қазіргі мектеп практикасында математиканы оқытуда тиімді пайдалануға болатын материал баршылық екенін көрсетті.

Мақалада математиканы оқытуда ауызекі шығармашылық жанрларын (халық ертегілері, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, т.с.с.) педагогикалық мүмкіндіктерін пайдалану тұрғысынан қарастырылды. Оларды дидактикалық тұрғыдан алғанда оқытуды ұйымдастыру тәсілі немесе оқыту құралы ретінде пайдалану жолдары көрсетілді. Сонымен қатар этнопедагогика құралдарын әр уақытта берілген түрінде пайдалана бермей, кейбіреулерінің желісін сабақтың ыңғайына қарай сәйкестендіріп түрлендіріп өзгерту қажет болатыны ескертіледі.

Этнопедагогика құралдарын тиімді пайдалану бағдарламалық мәселені оқытудың пайдалылығын көрсетуге мүмкіндік береді, математика бастамасын оқытуда көрнекіліктің неғұрлым жоғары дәрежесін қамтамасыз етеді, оқыту процесінде математиканың өмірмен, теорияның практикамен етене байланысын орнатады.

Этнопедагогика құралдарының оқу процесінің тиімділігін арттыратын мүмкіндіктерінің зор екендігі айқындалды. Ол мүмкіндіктер ең алдымен оқыту әдістемесін жетілдірумен, оқушылардың математиканы оқуға қызығушылығын қалыптастырумен байланысты. Ал ол 6-10 жасар оқушылардың математиканы оқып-үйренуінің мотивациясына әсер етеді, сондықтан оқу нәтижесіне де оң әсерін тигізеді.

Кілт сөздер: этнопедагогика құралдары, математика, оқыту, бастауыш сыныптар, дидактикалық мүмкіндіктер.

Кіріспе

Қоғамның қазіргі даму кезеңінде болып жатқан саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік және т.б. өзгерістерден, ұрпақ тәрбиесіндегі бет бұрыстардан білім және тәлім-тәрбие беру ісін жаңа сатыға көтеру қажеттігі туындап отырғандығы белгілі. Өйткені еліміздің болашағы, оның материалдық және рухани дамуы жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесінің деңгейіне байланысты. Сондықтан да қоғамның білім беру жүйесін жетілдіре түсу деген талап-тілектерден туындап отырған мемлекеттік деңгейдегі іс-әрекеттер мен шаралар жүзеге асырылуда.

Осы бағыттардағы елеулі жұмыстар бастауыш буыннан басталады, өйткені, бастауыш мектеп оқу пәндерінің іргетасын қалайды. Осы тұрғыдан алғанда бастауыш білім беру мазмұнында қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік базалық құндылықтар бірі болып айқындалған. Сонымен қатар бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында бастауыш білім беру аяқталғанда білім алушы Қазақстан халқы мен Қазақстан халықтарының негізгі дәстүрлері мен фольклорын; ұлттық салт-дәстүрлердің мәнін білуі, түсінуі тиіс деп көрсетілген [1].

Осы орайда, бастауыш сыныптарда білім беруде этнопедагогика құралдарын мүмкіндігінше пайдалану және оның әдіс-тәсілдерін қарастыру мәселесі туындайды.

Шынында, қай халықтың тәлімгерлік тәжірибесі болмасын, ол адамзат атаулыға ортақ рухани қазынаның құрамдас бөлігі. Қазақ халқының да мәдени жетістіктерін, ақыл-ой, адамгершілік, еңбексүйгіштік, т.б. қасиеттерін танытатын тәлімгерлік тәжірибесі бар. Онда кешегі өткен данагөй ақын-жыраулардың философиялық болжамдарының, психологиялық пайымдауларының, педагогикалық тұжырымдарының өшпес ізі жатыр.

Сондықтан қандай оқу пәніне қатысты алсақ та, соның ішінде математиканы оқытуда да этнопедагогика құралдарын пайдаланудың мүмкіндіктерін қарастыру әдістемелік ғылымдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Математиканы оқытуда этнопедагогика құралдарын пайдалану мүмкіндіктерін айқындау мақсатында ғылыми-педагогикалық еңбектерді зерделеу қазақ этнопедагогикасында қазіргі мектеп практикасында математиканы оқытуда тиімді пайдалануға болатын материал баршылық екенін көрсетті.

Ата-бабаларымыздың ежелгі замандардан бастап-ақ жас балаларға тиянақты тәрбие берумен қатар олардың математикалық білім өрісін кеңейтуге де көңіл бөлген бай тәжірибесін пайдалану жайында көптеген пікірлер айтылып, ұсыныстар жасалынған. Осы мәселелермен байланысты еңбектер Қ. Нұрсұлтановтың, Е. Сағындықовтың, Б. Қосановтың, Г. Жолтаеваның, т.б. диссертациялық зерттеулері. Мәселен, Қ. Нұрсұлтановтың еңбегінде мектепте математиканы оқыту мәселесін тарихи тұрғыдан зерттеп, қазіргі қазақ мектептерінде математиканы оқытуда тарихи элементтерді пайдаланудың тәрбиелік маңызы, әдістемелік мүмкіндіктері баяндалған [2], ал Е. Сағындықовтың жұмысында ұлттық ойындарды оқыту және тәрбиелеу процесін жақсарту әдісі, балалардың білімге қызығушылығын арттыру мақсатында математика және қазақ тілі сабақтарында оқыту құралы ретінде пайдалану қарастырылған [3]. Бірақ пайдаланудың әдістемесі жасалмаған. Сондай-ақ, Б. Қосанов диссертациялық жұмысында қазақ бастауыш мектебінде математиканы оқыту жөніндегі ой-пікірдің даму үрдісін кешенді түрде қарастыра отырып, оның қалыптасу және даму тарихын зерттеген [4], Г. Жолтаева еңбегінде негізгі мектепте математиканы оқыту барысында этнопедагогика элементтерін пайдалану мәселесі қарастырылған [5].

Әрине, бұл зерттеулердің нәтижелері қазақ халқының педагогикалық мәдениетіне қомақты үлестерін қосқаны сөзсіз. Бұл жұмыстарда этнопедагогиканың сәйкес элементтерін пайдаланудың мүмкіндіктері жайлы мысалдар орын алған.

Жоғарыда қарастырылған қысқаша шолудың өзі, сондай-ақ педагогикалық, психологиялық және оқу-әдістемелік әдебиетке [6, 7, т.б.], арнайы зерттеулерге жасалған талдау бүгінгі күнге дейін этнопедагогиканың жалпы теориялық негіздері мен тәрбиелік мәселелеріне тереңірек зерттелгенін және пәнді оқытуда, соның ішінде математикалық білім беруде, яғни бастауыш сыныптарда математиканы оқытуда этнопедагогика құралдарын мүмкіндігінше пайдалануға назар аудартты. Сол себептен атадан балаға жалғасып келе жатқан ауызекі шығармашылықты, тәрбиелік мәні бар этнопедагогика құралдарын бүгінгі мектеп жағдайында, бала қабілетінің дамуына лайықталып, оны қолданудың мүмкіндіктері мен жолдарын анықтау мақсатында зерделеу қазақтың ауызекі шығармашылығы жанрларының (ертегі, мақал-мәтел, жаңылтпаш, жұмбақ, т.б.) этнопедагогикалық тұрғыдан оқу-тәрбие ісінде қолдану жайында педагогикалық әдебиеттер, ғылыми-әдістемелік мақалалар, сондай-ақ ғалымдар, педагогтар, психологтар пікірлері де баршылық екенін көрсетті [8, 9, т.б.].

Негізгі бөлім

Мысалы, халық ертегілерін пайдалану – оқушылардың оқуға ынтасын арттырудың, білімге қызығушылығын тудырудың тиімді жолдарының бірі. Әр алуан ғылыми-

педагогикалық зерттеулерде ертегілердің тіл, әдебиет сабақтарындағы тәрбиелік мәні жайында көп айтылған. Біз математиканы оқытуда халық ертегілерінің педагогикалық (білім беру, тәрбиелеу т.б.) мүмкіндіктерін пайдалану тұрғысынан қарастырдық.

Осыған орай халық ертегілерін, халықтың жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беру мақсатымен шығарған ертегі-есептерін, дидактикалық тұрғыдан алғанда екі топқа бөлуді ұсынамыз:

- оқытуды ұйымдастыру тәсілі ретінде пайдаланылатын ертегілер;
- оқыту құралы ретінде пайдаланылатын ертегілер.

Ертегілерді оқыту тәсілі ретінде пайдалану дегеніміз, оқушыларды оқытуды ұйымдастыруда белгілі бір ертегінің мазмұнын немесе оқиға желісін пайдалану. Сонда оқушылардың нақтылы білім алу және оларға білім беру мен игерген білімін қолдану дағдыларын қалыптастыруда сабақтың тиімділігін, оқушылардың белсенділігін арттыру мүмкін болады. Мысалы, бастауыш сыныптарда ертегі немесе ертегілер еліне саяхат түрінде ұйымдастырылған сабақ әсерлі болады.

Оқытуды ұйымдастыру тәсілі ретінде пайдаланылатын ертегілер оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырады, тапсырмаларды орындауды жеңілдетеді. Мысалы, есеп шарты оқулықтарда берілген құрғақ математикалық тілден ертегі немесе ертегілер кейіпкерлері қатысатын қызықты хикая тіліне «аударылады».

Оқыту құралы ретінде пайдаланылатын ертегілер оқушылардың білімін, дағдыларын қалыптастырады, алған білімдерін тереңдетеді, пәнге қызығушылығын арттырады.

Оқу-тәрбие процесінде ертегілерді жоғарыдағы екі бағытта пайдалану оқушылардың адамгершілігін, адалдық, мейірімділік сезімін тәрбиелеуге ықпал етеді.

Ал мақал-мәтелдерді сабақта және сыныптан тыс жұмыстарда тиімді пайдалану білім беру мен қатар балалардың халықтық салт- дәстүрлер, наным-сенімдер туралы білімін молайтып, адамгершілік қасиеттерінің дұрыс қалыптасып, жетілуіне ықпал етеді. Сонымен бірге мақал-мәтелдер оқушылардың алған білімдерін тереңдете түседі және байқағыштығын қалыптастыруға ықпалын тигізеді, олардың білімге құмарлығын оятады.

Мақал-мәтелдерді математиканы оқытудың танымдық құралы ретінде тәлім-тәрбие процесінде пайдаланылу мүмкіндіктеріне орай екі топқа жіктеуді ұсынамыз:

- жаңа білім, білік, дағдылар қалыптастыратын және оларды нығайтып, кеңейтетін мақал-мәтелдер;
- оқуға, білімге деген оң қарым-қатынасты қалыптастыратын мақал-мәтелдер.

Мақал-мәтелдерді осылай жіктеу, біздің ойымызша, олардың негізгі мазмұны және қызметіне сай келеді.

Жастарға ақыл-ой тәрбиесін беруге, ой-өрісін өрістетуде ауыз әдебиетінің жұмбақ жанры ерекше роль атқарған.

Педагогикалық әдебиеттерде жұмбақты көркемдік түрде берілген логикалық қызықты есеп, – деп анықтаған. Жұмбақта жасырылған, шифрланған зат туралы сөз болады, ал шифрлану тәсілдері әр түрлі. Олар жұмбақтың логикалық механизмімен айқындалады. Жұмбақты шешу үшін балаға құбылыстарды, заттарды салыстыру керек, оларды ойша жіктеп жаңа жақтарын белгілеу, біріктіріп, тапқанды жинақтау керек.

Жұмбақ шешу ақыл-ойды ұшқырлайды, балаларды логикалық ойлауға, дәлелдеуге үйретеді [10]. Сондықтан жұмбақтарды оқытудың танымдық құралы ретінде пайдалану оқушылардың қоршаған өмірдегі байланыстарды дұрыс түсінуіне, дүниенің әр түрлі қатынастарын көре білулеріне, ол туралы ғылыми диалектикалық бағыттағы көзқарастарының қалыптасуына ықпал жасайды.

Осыларды ескеріп біз қазақ халқының жұмбақтарын тәлім-тәрбие процесінде пайдалану мақсатында педагогикалық көзқарас тұрғысынан жіктеуді жөн көрдік. Классификацияның негізгі шарттары: оқушылардың жас ерекшеліктері және жұмбақтардың дидактикалық мүмкіндіктері.

Осыған орай:

- оқытудың танымдық құралы;
- оқытудың дамытушылық құралы болып табылатын жұмбақтарды өз алдына жеке қарастыру керек.

Дидактикалық мүмкіндіктері: оқушылар жұмбақ шешу процесінде заттың немесе құбылыстың сипаттарын, қасиеттерін, ерекшеліктерін біледі, олардың ақыл-ойы, логикалық ойлау және тағы басқа да қабілеттері дамиды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Бастауыш сыныптарда қарастырылған математикалық ұғымдар көпшілік жағдайларда генетикалық тәсілмен қалыптастырылады, яғни оқушылардың күнделікті тұрмыстағы, эмпирикалық ұғымдары мен түсініктері математиканың тіліне «аударылып» математикалық түрде бекітіледі. Осындай процесс эмпирикалық материалға математикалық түрпат беру деп аталады және бастауыш сыныптар оқушыларының мүмкіндіктеріне сай келеді [11, 12].

Мысалы ертегі-жұмбақтар адамнан білімділікті, логикалық ойлау қабілетін талап етеді. Қиял-ғажайып ертегілер, ертегі есептер баланың қиял, ес, ой, т.б. психикалық сапаларының дамуына әсер етеді.

Математика бағдарламасы мазмұнына сәйкес ертегі түріндегі есептерден мысал келтірейік: «Арыстан қартайды. Аңдарды бұрынғысындай аулай алмай үңгірінде жатты. Бір күні оған түлкі келді.

- Халіңіз қалай тақсыр? - деп, көңілін сұрады.
- Халім нашар. Қартайдым, – деді арыстан.
- Жасыңыз қаншада? – деп сұрады түлкі.
- Екеуміздің жасымызды қосқанда 45 болады. Мен сенен 25 жас үлкенмін. Сонда қанша жаста болғаным? – деп арыстан түлкіні ойландырды».

Ертегіні оқытуды ұйымдастыру тәсілі ретінде пайдаланып сабақта және сыныптан тыс жұмыстарда оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендіру мақсатымен ұжымдық жұмыс ұйымдастыру тәсілі ретінде пайдалануға болады. Мысалы, қиял-ғажайып ертегілердің кейіпкерлері жол сапарда жүретін, жол бойы көп қиыншылықтарға кездесетін сюжеттері негізінде бүкіл сыныппен жұмыс ұйымдастыруға болады. Кейіпкерлерге кездескен қиыншылықтарды математикалық тапсырмалармен алмастырып, сабақ ертегі желісімен жүргізіледі

Немесе жұмбақ ертегілердегі жұмбақтарды сабақтың тақырыбына сәйкес математикалық тапсырмаларға алмастыру тәсілін қолдану оқушыларды сол тапсырмаларды орындауға ынталандырады.

Сол сияқты топтық жұмыс ұйымдастырудың тәсілі ретінде де пайдалануға болады. Мысалы, «Жеті өнерпаз», «Үш өнерпаз» тектес ертегілерде өнерпаздардың өнер жарысын «Математикалық білім сайысына» түрлендіріп бірнеше топтар арасында математикалық жарыс ұйымдастыруға болады. Мысалға сынып «Көреген», «Ұшқыш», «Желаяк» командаларына бөлінеді де берілген математикалық тапсырмаларды орындайды. Тапсырманы қатесіз алдымен орындап болған команда жеңіске жетеді.

Келесі жеке-дара жұмыс ұйымдастырудың тәсілі ретінде пайдалану мысалын келтірейік. Ол үшін кейбір есептердің мазмұнын ертегі кейіпкерлері қатысатын қызықты есептерге түрлендіруге болады.

Мысалы, «Қасқыр мен Қоян дос болыпты. Егер олар бір уақытта әр түрлі пункттерден бір бағытта жүгірсе Қоян Қасқырды 2 сағаттан кейін қуып жетер еді. Қоянның жылдамдығы 25 км/сағ., ал Қасқырдың жылдамдығы 22 км/сағ. екен. Сонда екі пункттің ара қашықтығы қандай болғаны?»

Бірақта кез келген ертегіні берілген түрінде пайдалана беруге болмайды. Ұжымдық, топтық жұмыс ұйымдастырғанда кейбір ертегілердің желісін сабақтың ыңғайына қарай сәйкестендіріп түрлендіріп өзгерту қажет болады.

Қорытынды

Сонымен, математика сабағында этнопедагогика құралдарын пайдалану оқытуды қызықты етуге мүмкіндік береді, яғни математика сабағының мазмұны мен түрлері ол ғылымның салауаттылығы мен оқу материалын жеткізудің тартымдылығымен сабақтастығын көрсетеді. Оқу материалдарын қызықты баяндау және қызықты есептер оларды тез және терең меңгеруге, есте сақтаудың берік болуына әсер етеді.

Этнопедагогика құралдарын тиімді пайдалану бағдарламалық мәселені оқытудың пайдалылығын көрсетуге мүмкіндік береді, математика бастамасын оқытуда көрнекіліктің неғұрлым жоғары дәрежесін қамтамасыз етеді, оқыту процесінде математиканың өмірмен, теорияның практикамен етене байланысын орнатады.

Осы баяндалғандардан этнопедагогика құралдарының оқу процесінің тиімділігін арттыратын мүмкіндіктерінің зор екендігі айқындалды. Ол мүмкіндіктер ең алдымен оқыту әдістемесін жетілдірумен, оқушылардың математиканы оқуға қызығушылығын қалыптастырумен байланысты. Ал ол 6-10 жасар оқушылардың математиканы оқып-үйренуінің мотивациясына әсер етеді, сондықтан оқу нәтижесіне де әсерін тигізеді.

Мұғалімдер тәжірибесінде этнопедагогика құралдарын сабақта пайдалану кездейсоқ сипат алады. Көбінесе оларды оқушылар шаршағанда сергіту мақсатымен, іс-әрекеттерін өзгерту немесе оқушыларды қызықтыру үшін ғана пайдаланады.

Этнопедагогика құралдарын сабақта жүйелі түрде дәстүрлі және жаңа әдіс-тәсілдермен ұштастыра пайдалану математиканы оқытудың тиімділігін арттыру, яғни оқушылардың математикалық білімді игеруін қамтамасыз етіп қана қоймай, оларды қолдануға машықтандыру, сонымен бірге жалпы дамуын жүзеге асыру, яғни жеке тұлға ретінде қалыптастыру құралы деңгейіне көтерілуі тиіс. Ол үшін ғылыми тұрғыдан негізделген сәйкес әдістемелік ұсыныстар әзірлеу келесі зерттеуіміздің мақсаты болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына 1-қосымша. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669>
2. Нурсултанов К. Очерк истории математических знаний в Казахстане вопросы использования ее материалов в педагогическом процессе казахской школы. Дисс... канд.пед. наук: 13.00.01. -Алма-Ата, 1974. -150 с.
3. Сағындыков Е. Использование народных игр в учебно-воспитательной работе в 1-6 классах казахской школы. Дисс... канд.пед. наук: 13.00.01. - Алма-Ата, 1986. -155 с.
4. Қосанов Б.М. Қазақ бастауыш мектебінде математиканы оқыту жөніндегі ғылыми-әдістемелік ой-пікірдің қалыптасуы мен дамуы (XX ғ. 30-шы жылдарына дейін) Дисс... канд.пед. наук. -Алматы, 1997. -170 б.
5. Жолтаева Г.Н. Негізгі мектепте математиканы оқыту процесінде этнопедагогика элементтерін пайдалану әдістемесі. Пед.ғыл.канд. дисс.: 13.00.02. -Алматы, 1999. -180 б.
6. Левенберг Л.Ш., Ибрагимов Р. Активизация познавательной деятельности младших школьников. -Ташкент: «Фан», 1991. -115 с.
7. Лейтес Н.С. Умственные способности и возраст / Н.С. Лейтес. – Москва: Педагогика, 1971. – 280 с.
8. Қазақ фольклоры мен халық педагогикасының мәселелері. Бірінші жинақ. /Құраст. Т. Қоңыратбаев. -Алматы, 1994. -70 б.
9. Нугербеков Б. Когда оживают сказки. -Алма-Ата. -154 с.
10. Илларионова Ю.Г. Учите детей отгадывать загадки. -Москва: Просвещение, 1985. -160 с.
11. Курманалина Ш.Х. Методика преподавания математики в начальных классах. Учебное пособие. -Астана: Фолиант, 2011. -208 с. ISBN 978-601-292-275-2.
12. Жолтаева Г.Н. Бастауыш сыныптарда математиканы оқыту әдістемесі: Оқу құралы. – Талдықорған: І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, 2022. – 180 б. ISBN 978-601-216-846-4

REFERENCES:

1. Bastauyş bilim berudiñ memlekettik jalpyğa mindetti standarty. Qazaqstan Respublikasy Bılım jáne ğylym ministriniñ 2018 jylǵy 31 qazandaǵy № 604 búiryǵyna 1-qosymşa. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669>
2. Nursultanov K. Ocherk istorii matematicheskikh znani v Kazahstane voprosy ispolzovania ee materialov v pedagogicheskom prosese kazahskoi şkoly. Diss... kand.ped. nauk: 13.00.01. -Alma-Ata, 1974. -150 s.
3. Sagyndykov E. İspolzovanie narodnyh igr v uchebno-vospitatelnoi rabote v 1-6 klasah kazahskoi şkoly. Diss... kand.ped nauk: 13.00.01. - Alma-Ata, 1986. -155 s.
4. Qosanov B.M. Qazaq bastauyş mektebinde matematikany oqytu jöindegi ğylymi-ädistemelik oi-pikirdiñ qalyptasuy men damuy (HH ğ. 30-şy jylдарyna deiin) Diss... kand.ped. nauk. -Almaty, 1997. -170 b.
5. Joltaeva G.N. Negizgi mektepte matematikany oqytu prosesinde etnopedagogika elementterin paidalanu ädistemesi. Ped.ğyl.kand. diss.: 13.00.02. -Almaty, 1999. -180 b.
6. Levenberg L.Ş., İbragimov R. Aktivizasia poznavatelnoi deiatelnosti mladşih şkolnikov. -Taşkent: «Fan», 1991. -115 s.
7. Leites N.S. Umstvennye sposobnosti i vozrast / N.S. Leites. – Moskva: Pedagogika, 1971. – 280 s.
8. Qazaq föklory men halyq pedagogikasynyñ mäseleleri. Birinşi jinaq. /Qūrast. T. Qoñyratbaev. -Almaty, 1994. -70 b.
9. Nugerbekov B. Kogda ojivaiut skazki. -Alma-Ata. -154 s.
10. İllarionova İ.G. Uchite detei otgadyvat zagadki. -Moskva: Prosveşenie, 1985. -160 s.
11. Kurmanalina Ş.H. Metodika prepodavania matematiki v nachälnyh klasah. Uchebnoe posobie. -Astana: Foliant, 2011. -208 s. ISBN 978-601-292-275-2.
12. Joltaeva G.N. Bastauyş synyptarda matematikany oqytu ädistemesi: Oqu qūraly. – Talдықorған: I.Jansūgırov atyndaǵy Jetisu universiteti, 2022. – 180 b. ISBN 978-601-216-846-4

ВОЗМОЖНОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ СРЕДСТВ ЭТНОПЕДАГОГИКИ В ОБУЧЕНИИ МАТЕМАТИКЕ

Ансбаева А.Д., Омарқали Б.Б., Жолтаева Г.Н.

*Жетысуский университет имени И.Жансугурова, Республика Казахстан, г.Талдықорған
e-mail: aynuransabayeva@gmail.com*

В связи с политико-экономическими, социально-культурными и др. изменениями, происходящими на современном этапе развития общества, возникает необходимость повышения воспитательного процесса подрастающего поколения на новый уровень. В связи с этим одним из актуальных вопросов педагогики является использование средств этнопедагогики в образовательном процессе начальных классов и рассмотрение методов и способов их использования. Изучение научно-педагогических трудов с этой точки зрения показало, что в казахской этнопедагогике достаточно материала, который можно эффективно использовать в современной школьной практике в процессе обучения математике.

В статье рассматриваются педагогические возможности использования жанров устного народного творчества (народные сказки, пословицы, загадки и др.) в обучении математике, показываются дидактические подходы к их использованию в качестве способа организации обучения или средства обучения. Кроме того, отмечается, что средства этнопедагогики не всегда используются в неизменном виде, иногда возникает необходимость преобразования сюжетов некоторых из них в соответствии с содержанием урока.

Эффективное использование средств этнопедагогики позволяет показать полезность изучения программных вопросов, обеспечивает более высокую степень наглядности в начальном обучении математике, устанавливает связь обучения математике с жизнью, теорией с практикой.

Выявлено, что средства этнопедагогики обладают большими возможностями повышения эффективности учебного процесса. Эти возможности связаны, прежде всего, с совершенствованием методики преподавания, формированием интереса учащихся к изучению математики. А это влияет на мотивацию учащихся 6-10 лет к изучению математики и, следовательно, влияет на результат обучения.

Ключевые слова: *средства этнопедагогики, математика, обучение, начальные классы, дидактические возможности.*

THE POSSIBILITIES OF USING THE MEANS OF ETHNOPEDAGOGY IN TEACHING MATHEMATICS

Ansabayeva A.D, Omarkali B.B., Zholtayeva G.N.

Zhetysu University named after I.Zhansugurov, Republic of Kazakhstan, Taldykorgan

e-mail: aynuransabayeva@gmail.com

Due to the political, economic, socio-cultural and other changes taking place at the present stage of society's development, there is a need to raise the educational process of the younger generation to a new level. In this regard, one of the topical issues of pedagogy is the use of ethnopedagogics in the educational process of primary classes and consideration of methods and methods of their use. The study of scientific and pedagogical works from this point of view has shown that there is enough material in Kazakh ethnopedagogy that can be effectively used in modern school practice in the process of teaching mathematics.

The article discusses the pedagogical possibilities of using genres of oral folk art (folk tales, proverbs, riddles, etc.) in teaching mathematics, shows didactic approaches to their use as a way of organizing learning or a means of teaching. In addition, it is noted that the means of ethnopedagogy are not always used unchanged, sometimes there is a need to transform the plots of some of them in accordance with the content of the lesson.

The effective use of the means of ethnopedagogy makes it possible to show the usefulness of studying program issues, provides a higher degree of clarity in the initial teaching of mathematics, establishes the connection of teaching mathematics with life, theory with practice.

It is revealed that the means of ethnopedagogy have great opportunities to increase the effectiveness of the educational process. These opportunities are connected, first of all, with the improvement of teaching methods, the formation of students' interest in studying mathematics. And this affects the motivation of students aged 6-10 to study mathematics and, consequently, affects the learning outcome.

Keywords: *means of ethnopedagogy, mathematics, education, primary classes, didactic opportunities.*